

жаңа жылға арналған мерекелік ертеңгілік өткізілетін, әсем безендірілген залға балалар көңілді әуенмен қол ұстасып кіреді.

Жүргізуші: Амансын ба халайық?

Жаңа жылды тойлайық

Ән салайық, билейік

Көңілімізді көтерейік

Құрметті ата-аналар, әріптестер «Айгөлек» тобының «Мұз дәуірі» атты Жаңа жылдық ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Бүгінгі ертеңгілігімізді жақсы көңіл-күймен бастайық.

Піл: Саламатсыздар ма балалар және қонақтар

Бір көргенді білгін

Мен алып пілмін

Аспаймын, саспаймын

Жамандыққа бармаймын.

Қош келдіңіздер менің «Мұз дәуіріме» мен өте қуаныштымын қаншама менің достарым келді. Олай болса Жаңа жыл мерекесін бастайық.

Жүргізуші : Саламатсыз ба, рахмет. Балалар ендеше жаңа жылдық мерекені Піл досымыз бен бастаймыз ба?

Балалар: Ия

Жүргізуші: Ендеше, мерекеге арналған тақпақтарымызды айтайық.

Нұрали: Оралды өлкеме

Жаңа жыл армысың

Оранды ақ көрпе

Асқар тау қарлы шың

Тоғайда , баулар да

Ақ күміс жамылды

Далада таулар да,

Өзінді сағынды

Төбеде күн күліп

Балалар тұр қарап

Бәріміз бірігіп

Тебейік сырғанақ

Аян: Далада қар борайды

Ақ мамыққа орайды

Мұз болады қатады

Жып-жылтыр боп жатады

Аралайды бақшаны

Үзілмейді жақсы әні

Гүлденеді бақшалар

Жауса жаусын ақшақар

С.Мүсілім: Аппақ қар жауа бер

Риза ғой саған ел

Боратты-ау боранын

Қайратын қарай көз

Біз батыл баламыз

Жылы үй, қорамыз

Ақ ұлпа қарынан

Аққала саламыз

Жүргізуші: Келіндер, келіндер

Тамашаны көріндер

Шыршамызға арналған

Әнімізге еріндер.

Ән: «Шырша жыры»

Піл: Балалар біздің мерекеде кім жоқ?

Балалар: Аяз ата мен Ақшақар

Піл: Ендеше мереке өте көңілді өтсін деп Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

Балалар: Аяз ата ауууууу! Ақшақар ауууууу!

(Бірнеше рет қайталайды)

(Музыка әуенімен Аяз ата мен Ақшақар кіреді)

Аяз ата: Естіп жатырмын, естіп жатырмын,

Келе жатырмын, келе жатырмын

Жаңа жылдарыңмен,

Жаңа жылдарыңмен!

Балаларым, балғыным,

Өмір гүлім, шаоғыным.

Тілегенім жыл бойы,

Сендердің ден – саулығың.

Амансың ба, ұлдармын,

Аппақ ару қыздарым?

Мен сендерге әкелген,

Құтты болсын жылдарың!!!

Балалар: Сәлеметсіз бе, Аяз ата, Ақшақар.

Ақшақар: Өздерің де аман-есенсіңдер ме, менің балғын достарым. Бізге әзірлеген өнерлерің болса көрсетіп, әсем ән айтып, би билеңдер, таңдайларыңды тақылдап тақпақ айтып беріңдер.

Аяз атаның дорбасында бәріңе жететін сыйлық бар.

Жүргізуші: Саламатсыз ба Аяз ата ,Ақшақар қош келдіңіздер.

Кел, балалар, тақпақты

Тақылдатып айтайық,

Аяз ата таң қалсын.

Сыйлық алып қайтайық

Ерасыл: Жасыл желек жамылған

Асыл моншақ тағылған,

Міне сұлу шыршамыз.

Көптен күтіп, сағынған,

Кел балалар, келиндер

Тамашаны көріндер.

Амина: Даланың да қаланың

Думандатып отбасын

Тағы, міне жаңа жыл

Қақты уақыт қақпасын

Жүзімізде күлкі ойнап

Қанаттанды жанымыз

Жаңа жылды біз тойлап

Шаттанамыз бәріміз

Раяна: Жылдың әнің бастайын

Аяз ата кепқалды

Майысады жас қайын

Көтералмай көп қарды

Ойын күлкі асқақ ән

Жақсы әпкелер жаңа кеп

Мерекені бастаған

Айсұлтан: Аппақ тонға оранып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып

Қалып едік сағынып

Күтіп алдық жабылып

Жолын қойдық жарық қып

Шыршаларға шам іліп

Айару: Аспан жерге төгеді

Ақ күмісін уыстап

Жаңа жылда келеді

Бізге қарай жылыстап

Өлең де әзәр, әң әзір

Ойын да әзір бәрі әзір

Кел, Жаңа жыл біздерге

Кел жаңа жыл, Жаңа жыл

Сержан: Оралдың өлкеме

Жаңа жыл армысың

Оранды ақ көрпеге

Асқартау қарлы шың

Бейбарыс: Жапалақтап ақша қар

Жауды күнде қайталап

Қырға шықты балалар

Шаңғыларын арқалап

Байбек: Далада қар борайды

Ақ мамыққа орайды

Мүз болады қатады

Жып-жылтыр боп жатады

Жүргізуші: Балалар, кәне тойды жалғастырайық Аяз атаға әнімізді шырқайық:

Ән «Аяз ата»

Піл: Балалар сендер ойын ойнағанды ұнатасындар ма? Ендеше ойын ойнаық

Ойын «Балық аулау»

Жүргізуші: Жарайсындар балалар, осы балықтарды Жаңа жылдық сыйлық деп арамызда отырған пингвиндерге сыйлаймыз.

Би «Пингвин»

Жүргізуші: әрә қарай тақпақтарымызды жалғастырайық

Әлинұр: Жаңа жылым мол болсың

Басқан қадам оң болсын

Төрле ,төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын

Мариям: Жаңа жылға арналады, жаңа жыр

Жаңа жылда шақырады бар өмір

Бақыт болып жаңа жылым келді ғой

Құтты болсың, құтты болсын жаңа жыл

Ясмина: Ақ сақалды таяқты

Қалың қырау қабақты

Аяз ата аямай

Бізге сыйлық таратты

Айзере: Тілеймін мен бар әлемге

Дос көп болсын жаңажыл

Ата-әжә, әке-шеше

Құтты болсың жаңа жыл

Арсен: Ертеңгісін байқадым

Жердің беті ақ қырау

Дәл маржан деп атаймын

Төгілуге шақ тұр –ау

Өзеніме, көліме

Әсем ою ойыпты

Ағаштардың бәріне

Алқа тағып қойыпты

Ұ.Мүсілім: Аяз келді қаһарлы

Айналаны қар жапты

Ақ тон киіп орман тұр
Дәл атамдай салмақты
А.Ясина:Тамаша тамаша
Шыршамыз тұр жараса
басында әсем жұлдызы
көз тоймайды қараса

Айдана:Жаңа жыл,Жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр

Жасыл шырша жаныңда

Билеп барлық бала жүр

Жүргізуші: Жаңа жылды қарсы алып,

Шыршамызды айналып

Би билейік, ән салып.

Баршамызға жар салып – деп балалардың орындауында ән

Ән«Жаңа жыл»

Піл: балалар білесіндер ме біздің дәстүрлі биіміз бар «Мұз дәуіріне» келген қонақтар бізбен бірге би бейлеу керек:

Би: «Мадакасқар»

Аяз ата: Жарайсыңдар балаларым. Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер.Барлықтарың да ықылды, білімді де өнерлі екеңсіндер. Біздің сыйға риза болыңыз . Ал енді біз жолға шығайық (қоштасып шығып кетеді)

Балалар: сау болыңыздар

Піл: менің тағы бір ойыным бар ол ойын ата аналарға арналған.

Ойын«»

Жүргізуші:Құрметті қонақтар, балалар Жаңа жылға арналған «Мұз дәуірі» атты мерекеміз осы мен аяқталды,көріп тамашалағандарыңызға рахмет.Жаңа жыл құтты болсын,отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін.